

Қазақстан Республикасы
Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

№ 5

Зайсан қаласы

04 маусым 2025 жыл

Қоғамдық кеңес төрағасы
Қоғамдық кеңес хатшысы

Уәли М.
Ж. Қалихан .

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері – 15

Қатысқаны – 14

Қатыспағаны – 2

Оның ішінде:

Белгісіз– 1

Іс сапарда – 1

Күн тәртібінде:

1. . Аудан әкімінің есебі.

Хабарламашы: Зайсан ауданының әкімі **А. Ахметсәлімқызы.**

2 Зайсан ауданішілік және Зайсан қаласында жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы.

Хабарламашылар: Зайсан аудандық Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы **Жұмағалиев Әли Маратұлы**; Мердігер мекеменің басшысы **Маматов Рүстем Камильұлы.**

3 Зайсан қала әкімінің қаланы көгалдандыру, абаттандыру және көркейту жұмыстарының және саябақтар мен скверлердің күтімінің барысы туралы.

Хабарламашы: Зайсан қаласының әкімі **Тауасаров Ринат Әдембекұлы.**

4. Аудан оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық білім бөлімінің басшысы **Келгенбаев Ермек Дәуітханұлы.**

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли.

Бүгінгі Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысын өткізуге қажетті кворум бар. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысы ашылсын деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі Қоғамдық кеңестің кезектен отырысында әр хабарламашыға 10 мин, жарыс сөзге 5 – 7 мин, берілсін деген ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап: Бәрі.

Қарсы: Жоқ.

Ұстап қалушылар: Жоқ.

Тындалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан ауданының әкімінің орынбасары **Р.С.Рамазановқа** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

–**Қ.Сайранов:**– Көмірді Қытайларға сатып жіберген дейді, рас па? Облыс әкімінің көмірді Қытайға берілетіні туралы итернет желісінде жарияланып жүр. Одан кейін темір жолды қытайлар салады дейді. Неге темір жолды біздің құрылыс компаниялары салмайды? Ертең қытайлар теміржолды салып мұнайды, табылған мыс пен литийді тасиды.

–**Р.Рамазанов:**– Жоқ, жалған ақпарат.

–**Қ.Сайранов:**– Үйдене су қоймасының жөндеу жұмыстары қашан басталады?

–**Р.Рамазанов:**– Жобалық сметасын жасап, сараптамаға кіргізіп жатыр.

–**Қ.Сайранов:**– Смета жасау үшін мамандар келіп, ол жерді белгілейді. Одан кейін айналма жол салады. Ешкім келген жоқ.

–**Р.Рамазанов:**– Комиссия мүшелері келген.

–**М.Уәли:** – Үйдене мен Кендірлік су қоймаларының жөндеу мәселелері 20 жылдан бері шешімін таппай келеді. Негізі осы аталған су қоймалары ешкімнің балансында жоқ. ҚазСушар мекемесі өзінің балансына алып, жөндеу жұмыстарын қолға алу керек.

–**Р.Рамазанов:**– Кендірлік су қоймасы бойынша саяси шешім қабылданды, облыстық регистірлік переченьге тіргелді. Алдағы 5 жылдық жоспарлы бюджетке кіргізіледі.

–**М.Уәли:** – Бақшаға бөлінетін судың бағасы 700 тг. неге көтерілді?

–**Р.Рамазанов:**– Өткен жылы шаруа қожалықтарын, ауылшаруашылығы, ҚазСушар бөлімдердің басшыларымен бірігіп жиналыс өткіздік. Сол кезде

осы мәселе көтерілген, ҚазСушар мекемесі өздерінің материалдық шығындарын өтеу үшін, судың бағасын 2 есеге көтеру керек деп талап қойған. Мен айттым бағаны 2 есеге көтеру үшін, сіздер 2 есе жұмыс жасау керексіздер деп.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы **Ә.М.Жұмағалиев** пен Мердігер мекеменің басшысы **Р.К.Маматовқа** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

—**Қ.Сайранов:**— 68 миллион бөлінді деп айтып отырсыздар. Қанша сомада керектігін қалай есептейсіздер?

—**Ә.Жұмағалиев:**— Зайсан қаласы ішіне 10 миллион беріледі, ауыл арасына 43 миллион және балаларды тегін тасымалдауға 23 миллион бөлінеді. Аудандық экономикаға бюджеттік өтінім бергенде типовой расчётқа бүкіл Зайсанның және ауылдың мәліметтерімен есептейді. Сол мәліметтер бойынша есептегенде оданда көп шығып тұр. Бірақ экономика бөлімі тиісті мөлшерде ғана береді.

—**М.Қаламов:**— Маслихаттың сессиясында қанша сумма бекітіп берді?

—**Ә.Жұмағалиев:**— Жоғарыда айтып кеттім ғой.

Жарыс сөз арасына экономика бөлімінің басшысы **Қожекенова Ғалима Кенжебековнаға** сөз берілді.

—**Ғ.Қожекенова:**— 2025 жылы Зайсан аудандық бюджетінен 45 миллион бөлінген, облыстық бюджеттен 23 миллион 400 мың көп балалы отбасылардың балаларын тасымалдауға бөлінді.

—**М.Уәли:**— Сіздің айтып отырғаныңыз Жұмағалиев мырзаның айтқанымен сәйкес келмейді ғой.

—**Ғ.Қожекенова:**— Иә, жылдың басында 45 миллионға ұсыныс берген. Біз сұрап отырған 45 миллионын бердік. Бірақ өткен сессияда жетпейді деп тағы 17 миллион ұсыныс әкелген, дәл қазір бізде бос қаражат жоқ. Сол үшін біз келесі сессияға қалдырдық.

—**Қ.Сайранов:**— Осы автобуска қаншама қаражат бөлінеді екен, бірақ неге автобус дұрыс жүрмейді. Әсіресе күз айларында халықтан көп шағым түсіп жатады. Неге автобус уақытында келмейді?

—**М.Уәли:**— Өткенде қоғамдық кеңес мүшелері автобус бағыттарға мониторинг жүргізген. 1-ші автобус пен 2-ші автобустардың арасы 26

минуттан кейін келді. Негізі арасы 15 минут сақталу керек. 3-ші автобус 30 минутта келді.

—**Ә.Жұмағалиев:**— Аралықтың бұзылу себебі кейбір адамдар өздерінің есік алдарына дейін жеткізуді талап етеді. Тіпті әр бір балабақшаның алдына дейін барады. Қазақ ауылда тұратын 2 адамдардың шағымдарынан кейін, автобус бағытын Қазақ ауылға дейін создық.

—**М.Уәли:**— Автобустардың бағытын қала әкімі бекітіп беру керек.

—**Ә.Жұмағалиев:**— Негізі автобустардың бағытын 4 жақтан бекітеді. Біздің бөлім, қала әкімі, прокуратура және мердігер.

—**Б.Балғабаев:**— Жалпы тегін жүретін бала саны қанша?

—**Р.Маматов:**— Жылда өзгеріп тұрады, былтыр 800 болған, биыл 750 бала. Оқу жылы басталғанда ата – ана білім бөліміне өтініш береді. Оқу жылы басында 700 бала болса жыл аяғында 800 балаға дейін барады. Ақша мәселесі бойынша айта кетейін ауыл арасына маған 35 миллион бөлінеді, қала ішіне 10 миллион бөлінеді. Тегін жүретін балалар үшін 23 миллион 400 мың бөлінеді. Барлығы 68 миллион 400 жыл көлемінде беріледі. Менде 12 жүргізуші, 8 кондуктор бар. Олардың ай сайынғы 280 мың жүргізушінің, 100 мың кондуктордың жалақыларын беруім керек. Автобустар сынып қалған жағдайда қосымша слесарь, электриктерді жалдап тағы төлеймін. Жазда 668 л бензин кетеді, қыста оданда көп.

—**Қ.Сайранов:**— Жолаушылардан түсетін ақша қайда?

—**Р.Маматов:**— Күніне орташа алғанда 70 – 90 жолаушылар отырады. Жолаушылардан түскен ақша шығындарды көтермейді.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Зайсан аудандық Қоғамдық кеңесі «Зайсан ауданындағы ауданішілік және Зайсан қаласында жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі» мәселені қарап, талқылай келе «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 5 бабына сәйкес Зайсан ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы **шешім қабылдады:**

Ұсыныс:

1. Зайсан ауданындағы ауданішілік және Зайсан қаласында жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Ә. Жумағалиевтің хабарламасы еске алынсын.
2. Ауданішілік және Зайсан қаласында жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау аудан әкімінің орынбасары Д.Серіковқа ұсынылсын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау, орындалуын желтоқсан айында Қоғамдық кеңестің алқа отырысында қарап, қортындысын аудан әкімдігіне жолдау, тоқсанына бір рет жолаушылар тасымалдауға

байланысты қоғамдық мониторинг ұйымдастырып отыру Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәлиге жүктелсін.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан қаласының әкімі **Р. Ә.Тауасаров**қа беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

–**М.Уәли:**– Бір жеті бұрын қоғамдық кеңес мүшелерімен бірігіп қаладағы саябақтар мен скверлерге мониторинг жүргіздік. Саябақтар мүлдем тозып тұр. Ағаштары суарылмаған, ескі шөптері тазаланбаған, қоқыстар жиналып қалған. Саябақтардың күтіміне штат бөлінген бе?

– **Р.Тауасаров:**– 18 саябақты күтуге 13 миллион тг. тендер ойнатылған. Абай саябағының ауданы 7 га 10 адам жүргенде 1 күнде бітпейді.

–**М.Қаламов:**– Нақты баланста қанша саябақ бар?

– **Р.Тауасаров:**–Абай саябағы мен Спамбетов көшесіндегі сквердің мемлекеттік актісі жоқ, құжаттарын дайындап жатырмыз.

–**Қ.Сайранов:**– Саябақтарды күтуге қаншама қаражат бөліп, мемлекеттің бюджетін кетіргенше. Сол саябақтарды жекеменшік кәсіпкерлерге беріп, олар өздері күтіп, жөндеп демалыс орындарын ашар еді.

–**М.Уәли:**– Менің ұсынысым қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесе саябақтар мен скверлерге сенбілік ұйымдастыру дұрыс болар еді.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес «Зайсан қаласын көгалдандыру, көркейту жөнінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы» Зайсан қаласының әкімі **Р.Тауасаров**тың хабарламасын тыңдап, талқылай келе «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 5 бабына сәйкес Зайсан ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы шешім қабылдады:

Ұсыныс:

1. «Зайсан қаласын көгалдандыру, көркейту жөнінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы» Зайсан қаласының әкімі **Р.Тауасаров**тың хабарламасы еске алынсын.

2.Зайсан қаласының әкімі **Р.Тауасаров**қа саябақтар мен скверлерді күтіп баптауда орын алған кемшіліктерді тез арада жою, осы бағытта жұмыстарды бір жүйеге келтіру ұсынылсын.

3. Аудан әкімінің орынбасары Н.Қабидолдинаға қаладағы саябақтар мен скверлерді ұстау шығындарын зерделеп, оларды қаржыландыру жөнінде тиісті шаралар қолдану ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау, орындалуын шілде айында Қоғамдық кеңестің алқа отырысында алдын ала қоғамдық мониторинг жасай отырып қарап, қортындысын аудан әкімдігіне жолдау Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәлиге жүктелсін.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық білім бөлімінің басшысы **Е.Д.Келгенбаев**қа беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

Жарыс сөз:

—**М.Уәли:**— Балалар жазғы демалысқа шыққанда Бәйтерек демалыс орнында неге жөндеу жұмыстары басталып кеткен. Жөндеу жұмыстарын осы уақытқа дейін істеуге болмады ма?

—**Р.Рамазанов:**— Бәйтерек демалыс орнының мәселеесі жыл сайын айтылып келеді. Бұқаралық спорттың балансынан алып туризм бөлімі немесе білім бөлімінің балансына беру керек. Маусым мен шілде айларында маса шіркей көп, балаларға қолайсыз. Өйткені жылына 1 рет тамыз айында балалар дем алады қалған уақытта бос. Бюджеттің ақшасын кетіргеннен басқа, ешқандай пайда әкеліп жатқан жоқ. Сол үшінде бұл мәселеге сіздердің назар аударуларыңызды сұраймын. Мысалы Приморскте балаларға арналған жипажай бар, сол шипажайда балаларға қысы–жазы қызмет көрсетеді. Білім бөлімінің балансына берсек, Приморск сияқты жыл 12 ай қызмет көрсететін шипажай салса дұрыс болар еді. Екінші мәселе Бәйтерек демалыс орны көптеген жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұр, бірақ бюджеттен жеткілікті қаражат бөлінбей жатыр.

—**М.Уәли:**— Егер Бәйтерек демалыс орнын білім бөліміне берсек, онда облыстық білім басқармасының балансына кетіп қалады.

—**Қ.Сайранов:**— Облыстық білім басқармасы жеткілікті қаржыландырмайды. Ауылдардағы мектептің жөндеу жұмыстарына 2 жылда әрең қаржы бөлінді. Жалпы демалыс орнына жіберу үшін 1 балаға қанша ақша бөлінеді?

—**Е.Келгенбаев:**— Биылғы балаға 3500 тг. 1 күндік, 7 күн демалады.

—**Қ.Сайранов:**— Сонда 1 балаға 25000 айналады. Жаңағы Приморскте бару үшін 1 балаға қанша ақша бөлінді?

—**Е.Келгенбаев:**— 1 балаға 178 000тг. 100 бала барады. Облыстық білім басқармасынан бөлініп отыр.

Қ.Сайранов:— Сонда Приморске бару үшін 1 балаға 178 000тг. бөліп отыр. 7 күн демалады. Ал біздің оқушыларға аудандағы лагерге аудандық бюджеттен күніне 3500 тг. бөледі. Сонда бөліп есептегенде 1 күні 30 мынан айналады екен. Неге Приморскте күніне 30 мың алады, біздің лагерь 3500 алады? Әділдік қайда. Ришат мырза жаңа Байтерек демалыс орнын жөндеуге ақша жоқ дейсіз, міне ақша.

Р.Рамазанов:— Дұрыс айтасыз, бәрі қаражатқа тіреледі. Ертең лагерь ашайық десек штаттарға қаражат бөліну керек. Міндетті түрде лагерьге медбике керек, тәрбиешілер керек.

Қ.Сайранов:— Сол үшін бұл мәселені облыс деңгейінде көтеру керек.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Зайсан аудандық Қоғамдық кеңесі «2025 жылы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Е.Келгенбаевтың хабарламасын тыңдап, талқылай келе «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының 5 бабына сәйкес Зайсан ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы **шешім қабылдады:**

Ұсыныс:

1.«2025 жылы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Е.Келгенбаевтың хабарламасы еске алынсын.

2. Зайсан аудандық білім бөлімінің басшысы Е.Келгенбаевқа балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын, еңбекпен және спортпен қамтылуы жөніндегі бағдарлама жоспарын қайта қарап, сауықтырылуға жататын әрбір баланың жеке дара қаралуына назар аудару ұсынылсын.

3.Зайсан аудандық бұқаралық спортты дамыту орталығы» мекемесіне қарасты «Бәйтерек» спорттық сауықтыру лагерьінің жұмысын жолға қою, лагерьдің әлеуметін жаз айларында толық пайдалану жөнінде шұғыл шаралар қабылдау аудан әкімінің орынбасары Р.Рамазановқа ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау, орындалуын тамыз айының аяғында Қоғамдық кеңестің алқа отырысында қарап, қорытындысын облыстық білім бөліміне, аудан әкімдігіне жолдау Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәлиге тапсырылсын.

Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

М.Уәли.

**Қоғамдық кеңес
хатшысы :**

Қалихан Ж.